

Қазақстан Республикасының оларға қатысты тексеру жүргізілмейтін, әуе көлігімен тасымалданатын лауазымды тұлғаларының арнайы тізбесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2002 жылғы 16 шілдедегі N 788 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1509 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.12.31 № 1509 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2697 заң күші бар Жарлығының 98-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының оларға қатысты тексеру жүргізілмейтін, әуе көлігімен тасымалданатын лауазымды тұлғаларының арнайы тізбесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 16 шілдедегі
N 788 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының оларға қатысты тексеру жүргізілмейтін, әуе көлігімен тасымалданатын лауазымды тұлғаларының арнайы тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.03.10 № 187 Қаулысымен.

1. Қазақстан Республикасының Президенті
2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
3. Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының төрағасы
4. Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің төрағасы
5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - Сыртқы істер министрі

6. Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің басшысы
7. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің төрағасы
8. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы
9. Қазақстан Республикасының Бас прокуроры
10. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төрағасы
11. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары
12. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы
13. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқарушысы
14. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің бастығы
15. Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесінің

Х а т ш ы с ы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК